

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY



БГПУ  
им. М. Ақмұллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ  
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND  
PRACTICE»

## МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:  
НАУКА И ПРАКТИКА»  
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»  
february 26, 2026**

**Астана, 26 ақпан 2026 ж.**

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,  
Махадиева А.К.

**П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

**ISBN 978-601-385-193-8**

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-385-193-8**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.  
Authors are responsible for the content of their materials.

## МАЗМУНЫ

<b>ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС/PLENARY SESSION</b>		
1	Ибраимов Х. И. Международный опыт и инновационные методики подготовки будущих учителей к эффективной профессиональной деятельности	3
2	Doğan M. Artificial intelligence in higher education: between opportunity and risk	6
3	Оспанова Б.К. Инклюзивті білім беру: тұлға дамуының факторы ретінде	10
<b>1 секция: Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері</b> <b>1 секция: Глобальные тренды педагогического образования и науки</b> <b>1-section: Global trends in pedagogical education and science</b>		
4	Тұрғынбаева Б.А. Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау: жағдайы, мүмкіндіктері, мәселелері	15
5	Вахидова Л.В. Образовательная среда как пространство профессионального развития будущего педагога	19
6	Мардонов Ш.К. Подготовка высококвалифицированных специалистов в сфере образования	23
7	Набиулина Н.Г., Фазлыева А.Ф. Формирование социальной компетентности будущих специалистов психолого-педагогического профиля в процессе профессиональной подготовки	27
8	Жиенбаева С.Н., Азербаяев Д.Н. Болашақ эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруды зерттеу тәсілдемелерін талдау..	31
9	Жиенбаева С.Н., Мукажанов Н.К. Университет түлектерінің кәсіби ортаға бейімделуін құзыреттілік тұғыры негізінде ұйымдастыру	36
10	Ахатова Д.А. Педагогика ғылымы, оның дамуы және заманауи салалары	40
11	Аликулова А.Б. Эксперимент барысында мектепке дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары мен ерекшеліктері	45
12	Джаббаров Ш.Х. Развитие профессиональных компетенций у будущих специалистов авиации как глобальный тренд педагогики	49
13	Жаббаров З.Р. Взаимосвязь между мотивацией обучающихся и качеством образования с учётом глобальных трендов в педагогической науке	52
14	Касымбекова А.Ж., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері	57
15	Медетова Р.М. Подготовка будущих учителей как глобальный тренд педагогической науки	61
16	Пирматов С. Развитие визуальной культуры у студентов как глобальный тренд педагогической науки	64

17	Садикова Ш.А. Международный опыт и применение инновационных методик для социализации детей дошкольного возраста	67
18	Табишев Т.А. Компетентностно-квалификационная модель выпускника вуза: тренды и инновации (российский и международный опыт)	70
19	Тожибоева Х.М. Формирование у подростков иммунитета против «массовой культуры» на основе гендерного подхода как глобальный тренд педагогической науки	75
20	Шохиён Н.Н., Джафарзода С.Ф. Об актуальности разработки учебника: «Педагогика успеха и творческое управление временем в контексте внедрение цифровых технологии в Вузе»	79
21	Khasanova Sh.T, Rahimova U.A. The role of educators in teaching children visual arts activities	83
22	Аубакирова Ж.К. Данияр Ш.Д. Шетелдік студенттердің жоғары оқу орнына әлеуметтік-психологиялық бейімделуін анықтайтын заманауи әдіс-тәсілдер	86
23	Алимбетова Р.В. Инновационные технологии на уроках русского языка: современные подходы и глобальные научные тренды	90
24	Байсарина С.С., Жумадилова А.Н. Жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесінің инновациялық интеграциясы	94
25	Нуркасымова С.Н., Нұрланқызы Г. Білім алушылардың физика пәнінен шығармашылық қабілеттерін арттыру	99
26	Садыкова Д.А., Оралбекова К. Р. Нейропедагогика және когнитивтік ғылым негізіндегі оқыту әдістерінің дамуы: қазіргі халықаралық тәжірибе	103
27	Паштанов С.У., Ахмаджанова Д.С. Болашақ мұғалімдерді даярлауда жаттығуларды қолдану	108
28	Zhalelova G.M., Khamzina Z.B., Albekova A.Sh. On the methodological aspects of teaching professional english in agricultural universities ( <i>with an Emphasis on the Use of AI.</i> )	112
29	Анорбоев А.А. Стратегии трансформации воспитательного процесса в учреждениях общего среднего образования на основе национальных и международных подходов	117
30	Zhaukina S. Environmental awareness of future teachers	121
31	Tokashova G.Zh. Pedagogical and psychological aspects of supporting academic mobility	126
32	Бободжонова М.М. Развитие навыков аналитического чтения у студентов экономических специальностей при работе со специализированными текстами	130
33	Бобоев Х.Ю. Сущность идеологического иммунитета к идейно-информационным атакам в педагогическом образовании	135
34	Зулпукарова Д. И., Жакыпбекова А.Т. Сманова Н.Т.	139

	Электронный учебник как ключевой элемент образования	
35	Норбутаева Д.А. Роль семьи в развитии художественно-эстетического вкуса и дизайнерских навыков учащихся как глобальный тренд педагогического образования	144
36	Пирматова М.С. Комплексное изучение поэтики художественных произведений на занятиях литературы как глобальный тренд педагогической науки	147
37	Собирова Н.Н. Использование невербальных средств в образовательном процессе	151
38	Селиверстова И.А. Нейродидактика и иноязычно-образовательный процесс	156
39	Сағынғали Б.А. Математиканы оқытуда жобалық жұмыстардың оқушылардың зерттеушілік қүзыреттілігін дамытуға әсері	161
40	Тургунбоев Б.И. Педагогические возможности формирования мира и национальных и международных подходов	165
41	Ходжаев О.Ш. Педагогическая модель, критерии и результаты практических испытаний	168
42	Экстерович А.И. Снижение агрессивных проявлений у подростков посредством привития навыков социально одобряемого поведения	173
43	Kokteubay Z.Zh. Karmenova N.N. Student-centered strategies for enhancing learning outcomes in economic and social geography	177
44	Абишева А.Х. Научно-педагогические предпосылки развития основ исследовательской компетентности учащихся	181
45	Джумагазиева А.К. Формирование экологической ответственности у студентов педагогических колледжей в контексте глобальных трендов педагогического образования и устойчивого развития	186
46	Кемалова Г.Б. Педагогика ғылымы контексіндегі психологиялық иммунитет	191
47	Кусаинова А. Ж. Терминологиялық жүйенің дамуына әлеуметтік факторлардың ықпалы	195
48	Сатыбалдина М.Б., Мусина Г.Б. Жоғары оқу орнындағы шетелдік студенттердің әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу механизмдері	199
49	Уриа Ш. Историко-ретроспективный анализ развития национальной системы образования в республике маврикий	206
50	Alpanova A.M. Integrating mass media into efl teacher education: a pathway to intercultural communicative competence	211
51	Aituganova K. Peer assessment in modeling foreign language writing instruction	215
52	Ваева Е.	220

	Development of independent foreign language learning skills among students majoring in psychology and pedagogy	
53	Aubakirova A.A. Interference in efl: error analysis and teaching solutions	225
54	Rufina A. Integrating art therapy methods into teacher education programs: a communicative perspective	230
55	Gaisin A.I. Role of emotional intelligence in the development of stress resistance and mindfulness in pedagogical context	232
56	Bakhytkyzy Sh. Students' emotional intelligence and awareness of emotional intelligence in efl learning	235
57	Glumova A., Makhambetova Zh. Navigating the future: career orientation among 9 <sup>th</sup> grade students	239
58	Zhanbolat I.N. Self-regulated learning strategies of university students: a qualitative study from Kazakhstan	243
59	Kobeisinova G. Socio-cultural determinants of sexual health literacy within educational environments: empirical evidence	247
60	Kuanysheva S. Academic resilience studies and future research directions	252
61	Kazakhova A.V. Teaching english through gamification: a pedagogical experiment and expected changes in students' academic motivation	256
62	Rakhmetova A.T. Developing students' cultural awareness in the process of teaching english	261
63	Sovet B. Effective methods of teaching a foreign language in the context of a competency-based approach (based on grades 10–11)	266
64	Temirbay M. The role of school mediation in preventing conflicts among participants in the educational process	269
65	Балғабек Е.Ә. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың маңызы	271
66	Бакиева Т.Б. Орта білім беру жағдайында ата-аналардың кәсіби бағдар беру үдерісіне ықпалы: Қазақстан тәжірибесі	276
67	Елубаева Р.С., Тельбаева У.Д., Уйсембаева А.А. Бастауыш сыныпта жекелеген пәндерді интеграцияланған оқытуда STEM технологиясын қолданудың маңыздылығы	279
68	Жалалдин Д.Н., Абдреймова К.А., Калимолдаева А.К. Гибридті оқыту жағдайында оқушылардың білімін бағалаудың жаңа тәсілдері мен құралдары	283
69	Исахова П.А. Современные требования к первоначальной подготовке кабинного экипажа в условиях авиационного образования Республики Казахстан	287

70	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Жоғары сынып оқушыларының функциональдық сауаттылығын биология пәні негізінде қалыптастыру	292
71	Исабаева Л.У. Об уровне развития критического мышления у старшеклассников и влияющих на него факторах в современных образовательных условиях	295
72	Кыдыр А. Е. Жаратылыстану ғылымдарындағы STEM технологиясының маңызы	300
73	Куатбекова А.М., Джетимов М.А. Химия пәнінде жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру құралы ретінде	303
74	Моминова Г.М. К вопросу о применимости понятия академической социализации в школьном образовании	306
75	Мұқашева А.Б. Студенттердің эмоциональдық тұрақтылығын дамытудағы педагогикалық-психологиялық алғышарттар	310
76	Нұрланова А., Рыстыгулова В.Б. Орта мектепте оптика бөлімін оқытуда ойын технологиялары арқылы оқушылардың концептуалды түсінуін қалыптастыру	317
77	Оралбай Ж.С., Рыстыгулова В.Б. Мектеп физика курсында космология элементтерін кіріктіріп оқытудың тиімді әдістері	322
78	Онбаева Н.Ш., Аренова А.Х. Тұлғаның тірек құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық мәселелері	331
79	Оразалина А.Ж. Болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын дуалды оқыту жағдайында қалыптастыру: халықаралық салыстырмалы талдау	334
80	Сарин Е.Т., Адилова В.Х. Инновационная цифровая модель «Smart-стопа» в системе здоровьесбережения и профилактики функциональных нарушений стоп у юных хоккейных вратарей	338
81	Соснина И.Ю., Махамбетова Ж.Т. Модель психолого-технологической поддержки интеграции иностранных студентов: от адаптации к развитию в глобализирующемся образовательном пространстве	344
82	Тұрсынжан Н.Б. География сабақтарында PISA форматындағы тапсырмаларды құрастыру және орындау әдістемесі	349
83	Тасмуратова М.Н. Импульстің, энергияның және зарядтың сақталу заңдарын оқытуда цифрлық ресурстарын пайдалану жолдары	352
84	Уалиева М.А. Роль преподавателя в снижении цифрового стресса студентов в условиях цифровой образовательной среды	356
85	Эркинкызы Б., Тургунбеккызы А., Жээнбаева Э.К. Использование компьютерных технологий в реализации межпредметных связей в начальных классах	360

86	Amirbay Zh. K. Theoretical aspects of research on artificial intelligence and digital technologies in teacher education	365
87	Гапу Ә.Н. Английский язык как образовательный ресурс в условиях глобальных изменений	371
88	Жаканова Н.М. Білім беру мекемелерін басқарудың педагогикалық және ұйымдастырушылық ерекшеліктері	374
89	Муратова Г.А., Исеноманова А.Е., Кажиева М.Ф. Глобальные тренды педагогического образования и науки	377
90	Тұрлыбай Д.Н. Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері: бастауыш сынып оқыту саласы	380
91	Укиева М.И. Биология сабақтарында зерттеу жұмыстары арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру	385
92	Гитихмаева Л.М. Развитие компетенций специалистов помогающих профессий в рамках дисциплины «Практикум по soft skills»	390
93	Жорабек А. Химия сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда PISA тапсырмаларының рөлі	394
94	Асылханқызы М. Сыни ойлауды қалыптастыруда кластер тәсілінің рөлі	399
95	Арқабай І.М., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда STEM технологиясын пайдалану әдістемесінің тиімділігі	403
<b>2-секция: Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар</b>		
<b>2-секция: Искусственный интеллект и цифровые технологии в педагогическом образовании</b>		
<b>2-section: Artificial intelligence and digital technologies in pedagogical education</b>		
96	Ying W. Theoretical construction and cultivation paths of physical education teachers' digital literacy from the perspective of embodied cognition	408
97	Khodjiyeva F.O., Mutova M. U. Artificial intelligence and critical thinking in conducting and receiving instruction	412
98	Karakhanova L. M. Increasing parental responsibility in protecting students from internet threats in a globalizing society is a requirement of the time	415
99	Ибрагимова Э. И., Сабиралиева З. М. Интеграция искусственного интеллекта в педагогическое образование: возможности и риски	419
100	Исаева З. Т. Отражение цифровых технологий и социальных медиа в педагогических сегментах	422
101	Верниенко Л.В. Инструменты методического сопровождения профессиональной деятельности педагога в цифровой образовательной среде	427

## ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Байсарина Сандугаш Сайлауовна

[ms.2110@bk.ru](mailto:ms.2110@bk.ru)

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Жумадилова Акмарал Нурмагамбетовна

[zhumadilova\\_an@mail.ru](mailto:zhumadilova_an@mail.ru)

Магистр, педагогика кафедрасының аға оқытушысы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**Аннотация.** Мақалада жаһандану үдерісі жағдайындағы білім беру жүйесінің трансформациясы және инновациялық интеграциясының теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады. Білім беру мазмұнының жаңаруы, цифрлық технологиялардың енгізілуі, пәнаралық ықпалдасу және халықаралық білім кеңістігіне кірігу мәселелері талданады. Сонымен қатар, білім беру жүйесін интеграциялаудың негізгі бағыттары мен даму перспективалары айқындалады.

**Annotation.** The article examines the theoretical and methodological foundations of the transformation of the education system and its innovative integration in the context of globalization. It analyzes issues related to the renewal of educational content, the implementation of digital technologies, interdisciplinary integration, and integration into the international educational space. Furthermore, the main directions of integration of the education system and its development prospects are identified.

**Түйін сөздер:** жаһандану, білім беру жүйесі, инновация, интеграция, құзыреттілік тәсіл, халықаралық ынтымақтастық.

**Keywords:** globalization, education system, innovation, integration, competency-based approach, international cooperation.

Қазақстандағы білім беру мазмұнын жаңарту міндеттерін тиімді жүзеге асыру педагогикалық білім берудің қазіргі заманғы трендтерін дамытумен тығыз байланысты. Себебі, бұл үдеріс - білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін халықаралық білім беру технологияларымен және бірегей оқыту әдістемелерімен тәжірибе алмасуды, оларды ұлттық білім беру жүйесіне бейімдеуді талап етеді. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық қарым-қатынастың жаңа форматтарын қалыптастыру, академиялық ынтымақтастықты кеңейту және педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осыған орай, республика көлемінде педагогикалық білім беру трендтерін дамыту бойынша тиімді шешімдер іздеу, ғылыми-негізделген ұсыныстар әзірлеу және инновациялық білім беру технологияларын енгізу өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Бұл туралы, философ-ғалым Ж.Әбділдиннің шығармаларында ұсынылған диалектикалық таным әдісі - шындықты қарама-қарсылықтар арқылы қарастырып, оны даму процесінде талдайтын ойлау формасы - қазіргі білім беру жүйесінде сараланған, критикалық ойлауға және мәселелерді кешенді шешуге бағытталған трендтермен үндеседі. Мысалы, қазіргі білім беру трендтері:

-Критикалық және сыни ойлау - білім алушыларға мәселені әр қырынан қарастыруға, талдауға және шешім қабылдауға үйретеді. Диалектикалық әдіс осы қабілетті қалыптастыруға негіз болады.

-Инновациялық оқыту әдістері - жобалық оқыту, проблемалық оқыту, зерттеу бағытындағы әдістер шындықты өз дамуында қарастыру мен қарама-қарсылықтарды талдауға мүмкіндік береді.

-Құзыреттілікке бағытталған білім беру - тек ақпаратты беру емес, білім алушылардың шынайы өмір жағдайларында талдау жасау, шешім қабылдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту басты мақсат болып табылады.

Сондықтан, Ж.Әбділдиннің диалектикалық әдісі білім беру процесінде білім алушыларды күрделі мәселелерді талдай білетін, сыни ойлай алатын, шығармашылық

кабілеттері дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Бұл - Қазақстандағы қазіргі білім беру трендтерімен толық үйлесетін әдіс болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [2].

Бүгінгі таңда жоғары білім берудегі қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үлкен маңыздылыққа ие, және бұл - Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023- 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының басты басымдықтарының бірі болып табылады [3]. Жалпы, жаһандану жағдайында болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатына қол жеткізу үшін болашақ мамандарды қажетті біліммен, дағдылармен қамтамасыз ету, қазіргі заман талабына сәйкес құзыреттерге ие болуын және қазақстандық еңбек нарығында ғана емес, шетелде де сұранысқа ие болу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет болып табылады. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін қарқынды түрде технологияландыру мәселесін қойып отыр. Заманауи білім беру трендтерінің қатарында инновациялық білім беру моделі мен цифрландыру үдерісі ерекше орын алады. «Цифрлы Қазақстан» бастамасы аясында білім беру саласын цифрлық трансформациялау, онлайн оқыту платформаларын дамыту, білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру және білім беру процесін автоматтандыру басым бағыт ретінде айқындалған. Жалпы, педагогикалық білім беруді жаңғырту - білім беру мазмұнын сапалы жаңартудың, халықаралық тәжірибені кіріктірудің және ұлттық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторы болып табылады.

XXI ғасырда жаһандану үдерісі әлемдік қоғам дамуының негізгі факторы ретінде білім беру саласына айтарлықтай әсер етуде. Экономикалық, мәдени және ақпараттық кеңістіктің бірігуі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнына жаңа талаптар қояды. Бәсекеге қабілетті, креативті, цифрлық сауатты тұлға қалыптастыру – заманауи білім берудің басты мақсатына айналды. Осыған байланысты білім беру жүйесінде инновациялық интеграция үдерісі белсенді түрде жүзеге асырылуда. Жаһандану білім беру жүйесін ұлттық шеңберден халықаралық деңгейге шығарды. Академиялық ұтқырлық, қос дипломды бағдарламалар, халықаралық рейтингтер мен стандарттар білім беру сапасын жаңа өлшемдермен бағалауға мүмкіндік берді [3].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі:

- ашықтық;
- икемділік;
- технологиялық бейімделгіштік;
- халықаралық стандарттарға сәйкестік принциптеріне негізделеді.

Сондықтан, бұл өзгерістер білім мазмұнын жаңартуды және оқыту әдістерін жетілдіруді талап етеді. Инновациялық интеграция - білім беру саласына жаңа технологиялар мен педагогикалық тәсілдерді енгізу арқылы әртүрлі білім компоненттерін өзара ықпалдастыру үдерісі. Оның негізгі бағыттары:

- цифрлық білім беру платформаларын қолдану;
- STEM және пәнаралық оқыту;
- құзыреттілікке негізделген тәсіл;
- білім мен өндіріс арасындағы байланысты күшейту;
- халықаралық білім беру стандарттарымен үйлестіру.

Интеграция үдерісі білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға және олардың жаһандық еңбек нарығында сұранысқа ие болуына ықпал етеді. Цифрлық технологиялардың дамуы білім беру мазмұнын жаңғыртуға мүмкіндік берді. Онлайн-

платформалар, қашықтықтан оқыту жүйелері, жасанды интеллект элементтері білім алудың қолжетімділігін кеңейтті. Цифрландыру нәтижесінде:

- білім беру ресурстарының ашықтығы артты;
- оқыту формалары әртараптандырылды;
- жеке білім беру траекториясын құру мүмкіндігі пайда болды;
- халықаралық білім беру кеңістігімен байланыс нығайды. Ендеше, цифрландыру инновациялық интеграцияның негізгі қозғаушы күшіне айналады.

Жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің табысты дамуы келесі факторларға байланысты [4]:

- білім беру саясатының стратегиялық тұрақтылығы;
- педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігі;
- ғылыми-зерттеу қызметінің белсенділігі;
- халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюі.

Болашақта білім беру жүйесі икемді, цифрлық және тұлғаға бағытталған модельге көшуі тиіс. Жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесінің инновациялық интеграциясы - уақыт талабы. Бұл үдеріс білім мазмұнын жаңартуды, технологиялық жаңғыртуды және халықаралық стандарттармен үйлесімділікті талап етеді. Инновациялық интеграция білім беру сапасын арттырудың және бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың маңызды шарты болып табылады. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің тиімді дамуы ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, жаһандық білім кеңістігіне белсенді кірігумен тығыз байланысты.

Инновация - құрал және үдеріс ретінде жаңалықты ендіру, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдіреді. Инновация өздігінен пайда болмайды, ол ғылыми ізденістердің, жекелеген педагогтер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі, яғни бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан, ол басқаруды қажет етеді, ал процесті басқару педагогтердің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды, яғни озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін тәжірибеге енгізу. Оқу-тәрбие процесіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу білім алушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге, шығармашылыққа жол салады.

Инновациялық процеске жаңалықты жинақтау мен тарату ғана емес, ойлау және осы жаңалыққа қатысты өзгерістер мен қайта құру да жатады. Демек, бұл прогрессивті, озық, заманауи, оң процесс болып табылады, қазіргі білім беру, қоғамдық даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығына қажеттілік бірқатар жағдайлармен айқындалады. Біріншіден, білім беру мазмұнына талаптың күшеюі, қоғамда жүріп жатқан өзгерістер білім беру жүйесін, оның әдістемесін, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың технологиясын түбірінен жаңартуды талап етуде. Бұл жерде педагогикалық білім мен белсенділігі басымдықта болу қажет [5].

Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу 4 кезеңнен тұрады: жаңа идеяны, жаңалықтарды іздестіру, зерделеу; жаңалықтарды ұйымдастыру; жаңалықтарды енгізу (оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану); қорытындылау.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі - жастарға терең білім беру юлса, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу-тәрбие процесіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу олардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге, шығармашылыққа ықпал етеді.

Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды жүйелі түрде енгізу білім беру сапасын арттырудың маңызды тетігі болып табылады. Жоғарыда, аталған төрт кезеңнің әрқайсысы мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан нақты ұйымдастыруды талап етеді.

Бірінші кезең - жаңа идеялар мен инновацияларды іздестіру және зерделеу - ғылыми зерттеулерді талдау, озық педагогикалық тәжірибені саралау, халықаралық тәжірибемен

танысу арқылы жүзеге асырылады. Бұл кезеңде жаңашылдықтың өзектілігі, тиімділігі және білім беру жүйесіне сәйкестігі анықталады.

Екінші кезең - жаңалықтарды ұйымдастыру - инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу бағдарламасына енгізудің жолдарын қарастыру, әдістемелік қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіру жұмыстарын қамтиды.

Үшінші кезең - жаңалықтарды енгізу - оқу-тәрбие үдерісінде жаңа технологиялар мен әдістерді тікелей қолдану арқылы іске асады. Бұл кезеңде оқытудың интерактивті, тұлғаға бағытталған формалары басымдық алады.

Төртінші кезең - қорытындылау - енгізілген жаңашылдықтың нәтижелілігін талдау, мониторинг жүргізу, кері байланыс орнату және тиімді тәжірибені жинақтау жұмыстарын қамтиды.

Оқу-тәрбие процесіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың білімге деген қызығушылығын күшейтеді, өз бетімен ізденуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруге және сараланған оқытуға жағдай жасайды.

Қазіргі таңда білім беру процесінде кеңінен қолданылып жүрген инновациялық технологиялар төмендегідей [6]:

- Проблемалық оқыту - білім алушыны мәселе қою және оны шешу арқылы ойлау қабілетін дамытуға бағыттайды;
- Дамыта оқыту - тұлғаның танымдық және шығармашылық әлеуетін арттыруды көздейді;
- Деңгейлеп оқыту - білім алушылардың дайындық деңгейіне сәйкес сараланған тапсырмалар беруді қамтамасыз етеді;
- Дәстүрлі оқыту - білім мазмұнын жүйелі әрі құрылымдық түрде меңгертудің классикалық үлгісі;
- Модульдік оқыту - оқу материалын логикалық аяқталған бөліктерге (модульдерге) бөліп оқытуды ұйымдастыру;
- Сұрақ-жауап ойындары - интерактивті әдістер арқылы білімді бекіту және қызығушылықты арттыру;
- Цифрлық білім беру ресурстары - электрондық оқулықтар, онлайн-платформалар, мультимедиялық материалдар арқылы білім мазмұнын игеру.

Осы аталған технологияларды тиімді үйлестіру білім беру процесінің нәтижелілігін арттырып, бәсекеге қабілетті, құзыретті маман даярлауға мүмкіндік береді. Ендеше, педагогикалық инновацияларды ғылыми негізде жоспарлау және кезең-кезеңімен енгізу - білім беру мазмұнын жаңартудың стратегиялық бағыты болып табылады. Соңғы жылдары еліміздің білім беру жүйесінде жоғары білімді ақпараттандыру тұжырымдамасына сәйкес ағымдағы ақпараттық технологияларды, мультимедиялық технологияларды, электрондық оқыту құралдарын, қашықтан оқытудың ақпараттық технологияларын, автоматтандырылған жобалау жүйелері мен ғылыми зерттеулерді автоматтандыру құралдарын, сондай-ақ әмбебап сипаттағы оқу және ғылыми мақсаттағы дерекқорларды құру бағытында елеулі жұмыстар атқарылды. Осыған байланысты жоғары мектепте ақпараттық технологияларды жүйелі интеграциялау мәселесін шешу бірінші кезектегі міндетке айналды.

Жоғары оқу орындарында университеттердің корпоративтік телекоммуникациялық инфрақұрылымы негізінде «виртуалды» білім беру ортасын құру технологиясын қалыптастыру қажет. Бұл орта білім беру технологияларының банкі құруды көздейді, және аталған инфрақұрылымның арқасында олар нақты бір аудиторияға тәуелді болмай, бүкіл білім беру кешенінің кез келген нүктесінде, сондай-ақ кеңінен таралып келе жатқан қашықтықтан білім беру идеологиясын практикалық іске асыру үдерісінде қолданылуы мүмкін болады. Білім беру мүддесі үшін ақпараттық-есептеу техникасы құралдарының техникалық мүмкіндіктерін пайдалануға бағытталған жұмыстар басымдықты ақпараттық технологияларды қолдану стратегиясы мен идеологиясын әзірлеу жөніндегі жұмыстарға беруі тиіс.

Қазіргі заманғы информатиканың әдістері мен құралдарының дамуы мен жетілдірілуі оның білім беру және ғылыми зерттеулер саласына кедергісіз енуіне мүмкіндік берді. Бүгінде біз білім беруді ақпараттандырумен әрбір адамға өзінің жеке оқу траекториясын таңдауға мүмкіндік беретін ашық білім беру жүйесін құрудың нақты мүмкіндіктерін байланыстырамыз. Сонымен қатар, компьютердің ең маңызды дидактикалық қасиеттерінің бірі - бағдарламалануы мен автоматтандырылған оқыту бағдарламаларының динамикалық бейімделгіштігі арқылы оқу үдерісінің тұтастығын сақтай отырып, оны дараландыру негізінде білім алушылардың танымдық қызметін неғұрлым тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білімді меңгеру технологиясын түбегейлі өзгерту мүмкіндігі де осы ақпараттандырумен байланысты.

Жоғары білім беру жүйесін түбегейлі реформалау мен жаңғырту, ең алдымен, оның мазмұнын терең жаңартумен байланысты. Жоғары оқу орындарындағы қолданыстағы оқу жоспарлары мен бағдарламалары тұрақты түрде түзетіліп отырғанына қарамастан, білім мазмұнын қалыптастырудағы ақпараттық-экстенсивті тәсілді және оқу үдерісін басқарудың әкімшілік-бұйрықтық стилін едәуір дәрежеде сақтап отыр. Олар болашақ маман тұлғасының жалпы мәдени және кәсіби даму кезеңдерін ескермейді, жоғары оқу орнындағы оқытуды пәндік тұрғыдан бөлшектенген даярлыққа бағыттап, болашақ жас маманның тұлғалық тұтастай дамуына нұқсан келтіреді, студенттерді өзін-өзі білім алуға ынталандырмайды және әлеуметтік жаһандану жағдайындағы ерекшеліктерді ескеруге мүмкіндік бермейді.

Білім беру жүйесін талапқа сай реформалау оны барған сайын терең ақпараттандырмайынша мүмкін емес. Қазіргі жағдайда әлемдік тәжірибе белгілі ғылыми қағиданы растайды: әлеуметтік-мәдени саладағы ақпараттық үдерістерді қарқынды дамыту, ақпаратты барған сайын терең өңдеу және әлеуметтік үдерістерді басқаруда ақпараттық ресурстарды жан-жақты пайдалану сияқты инновациялық мәдениеттің маңызды құрамдас бөліктері қоғамдық жүйенің тұрақтылығы мен икемділігін арттырады, жеке тұлғаның өзгерген өмір сүру жағдайларына бейімделуіне ықпал етеді. Ақпараттық үдерістердің қарқындануының тікелей салдары - адам әлеуетінің жедел дамуы, адамдардың білімділік және ақпараттандырылу деңгейінің өсуі, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың кең ауқымды ортасы қалыптасады.

Қазіргі қоғамда барған сайын кең көлемде қалыптасып жатқан ақпараттық технологиялар білім беруді инновациялық жаңғыртудың басты белгісі әрі әлеуметтік-мәдени дамуды оңтайландырудың негізгі факторы болып табылады. Ақпараттық технологиялардың даму қарқынының жеделдеуі білім беруді жаһандандыру үдерісінде негізгі өндірістік ресурс ретінде ақпарат алдыңғы орынға шығатын ақпараттық қоғамның қалыптасуына алып келеді.

Қазіргі жағдайда білім беру мен мәдениетті жаһандану үдерісінің тереңдеуі жағдайында ақпараттық ағында еркін әлеуметтік бағдарлану үшін адам жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын ақпараттық мәдениетке ие болуы тиіс. Ақпараттық мәдениет адамның әлеуметтік табиғатымен тығыз байланысты. Ол саналы тұлға ретіндегі адамның сан алуан шығармашылық қабілеттерінің жемісі болып табылады және келесі қырлардан көрінеді [7]:

- техникалық құрылғыларды, яғни телефоннан бастап дербес компьютер мен компьютерлік желілерге дейін пайдалану бойынша нақты дағдыларда;
- қызметінде компьютерлік ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білу қабілетінде, оның негізгі құрамдас бөлігі сан алуан бағдарламалық өнімдер болып табылады.

Студенттердің білім беру мәдениетінің инновациялық деңгейі олардың ақпаратты әр түрлі көздерден - мерзімді басылымдардан да, электрондық коммуникациялардан да - ала білуінде, оны түсінікті түрде ұсына алуында және тиімді пайдалана білуінде көрінеді; ақпаратты талдамалық өңдеудің негіздерін меңгеруінде; әр түрлі ақпаратпен жұмыс істей алуында, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметі саласындағы ақпараттық ағындар мен ақпараттық қамтамасыз етудің ерекшеліктерін білуінде айқындалады.

Осы мақсатта оқу кезеңінің бүкіл барысында студенттерді инновациялық білім беру технологиялары саласында үздіксіз даярлау қажет. Бұл өзара тығыз байланысты пәндер мен арнайы курстар жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі:

- ақпараттық технологиялар;
- педагогикалық цифрландыруға кіріспе;
- оқыту мен ғылыми зерттеулерде ақпараттық технологияларды қолдану;
- ақпараттық модельдеу;
- педагогика және ақпараттық технологиялар саласындағы таңдау курстары.

Жаһандық ақпараттық қоғамға көшу кезеңінде білім беруді жаһандандырудың басты факторы ретінде ең алдымен ақпараттандыру алға шығады. Сонымен қатар, елімізде білім беруді ақпараттық жаңғырту негізінде жаһандандыру мәселесін шешу әлі де бастапқы кезеңде екендігін атап өткен жөн. Сондықтан, бұл үдерісі жоғары деңгейде дамыған елдердің, мысалы Америка Құрама Штаттары, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Франция тәжірибесін ескеру орынды.

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі**

1. Абдильдин Ж.М. Вопросы философии. -Алматы, 2008. -187 б.
2. Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жыл 27 шілде, №319-III қабылданған // <https://online.zakon.kz/Document.05.01.2023>.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурыз, №248 бекітілген // <https://online.zakon.kz/Document/17.04.2023>.
4. Желдибаева Р.С. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту. <https://abai.university/>
5. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың териясы мен технологиясы. -Алматы: 2005.-140 б.
6. Новикова Т.Г. Теоретические основы экспертизы инновационной деятельности в образовании. -Москва, 2006. -188 б.
7. Зима Н.А. Инновационные тенденции модернизации в образовании в условиях глобализации // Фундаментальные исследования. 2006. № 7. Б.78-80

**ӘОЖ 53:371.3**

### **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКА ПӘНІНЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ**

**Нуркасымова Сауле Нуркасымовна**

Педагогика ғылымының докторы, профессор

[SauleNurkasim@mail.ru](mailto:SauleNurkasim@mail.ru)

**Нұрланқызы Гүлнұр магистр**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

071400 Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

**Андатпа.** Мақалада физика пәнінен білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы көмектесетін сыныптан тыс оқыту әдістерінің түрлері қарастырылады. Сабақ барысында білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, пәнге деген қызығушылығын күшейту және шығармашылық ойлауын дамыту үшін әртүрлі әдістер мен жұмыс түрлері қарастырылады. Тәжірибелік сайыстар, физикалық КВН, викториналар арқылы білім алушылардың өз білімдерін өмірмен байланыстырып, жаңа идеялар ұсынуға үйренеді. Мақалада оқытушыларға білім алушыларды сыныптан тыс оқытуда шығармашылық орта қалыптастыруына көмектесетін оқыту әдістері беріледі.